

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі



2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша № 215 баспасөз – релизі

Қазақстан Республикасының банк секторы 2-бет

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы 6-бет

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі 8-бет


Бағалы қағаздар нарығы 10-бет

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар 11-бет


Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғау 12-бет

* - Меншікті капитал пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді


Сақтандыру секторы



Банк секторы



ЖЗҚ зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициентінің арақатынасы



2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша
Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері
(млрд. теңге)

Атауы	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қорлары	Сақтандыру секторы	Ипотекалық ұйымдар
Жиынтық активтер	11 798,2	93,7	328,9	122,2
Жиынтық міндеттемелер	12 405,4	17,0	140,6	88,8
Меншікті капитал	-607,2	76,8	188,3	33,4

БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 39 екінші деңгейдегі банкпен көрініс алды.


2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері бір айда 140,7 млрд. теңгеге немесе 1,2%-ға азайып, 11 798,2 млрд. теңге болды.

1 маусымда банк секторының жиынтық есептелген меншікті капиталы (-433,0) млрд. теңгені құрады. Агенттік Басқармасының ««Альянс Банк» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 19 сәуірдегі №54 қаулысына сәйкес «Альянс Банк» АҚ міндеттемелерін қайта құрылымдау аяқталды. Сөйтіп, «БТА Банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ ескермегенде есептелген меншікті капитал 1 443,9 млрд. теңгені құрады.


Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтердің 43,3%-ын немесе 5 104,1 млрд. теңгені құрады.

1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің несиелік портфелі (банкаралық заемдарды ескере отырып) 2010 жылғы мамыр айында 55,0 млрд. теңгеге немесе 0,6%-ға азайып, 9 336,7 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ҚР резиденттері еместерге заемдар ағымдағы жылдың 1 маусымында 1 610,6 млрд. теңгені құрады немесе несиелік портфелінің 17,2%-ы болды (1.01.2010ж. осы көрсеткіш 1 803,3 млрд. теңге немесе 18,1% болған). 1 маусымдағы жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несиелік портфелінің 55,1%-ын немесе 5 147,4 млрд. теңгені құрады.

Активтер, міндеттемелер және есептелген меншікті капитал



Банктердің несиелік портфелі




Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша, оның ішінде 1.06.2010ж. Қазақстан Республикасының резиденті еместерге берілген займдар бойынша ақпарат
млрд. теңге

№	Банктер атауы	Несие портфелі	ҚР резиденті еместерге заемдар	Банк жүйесі бойынша ҚР резиденті еместерге жиынтық займдардағы банктің ҚР резиденті еместерге	Несие портфеліндегі ҚР резиденті еместерге займдардың үлесі, %
1	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 340,0	271,2	16,8	11,6
2	"БТА Банк" АҚ	2 142,2	1 177,9	73,1	55,0
3	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 207,7	76,8	4,8	6,4
4	"АТФБанк" АҚ	824,3	13,2	0,8	1,6
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	678,6	24,5	1,5	3,6
6	"Альянс Банк" АҚ	571,7	12,9	0,8	2,3
7	"KASPI BANK" АҚ	253,6	0,0	0,0	0,0
8	"БТА БАНК" АҚ ЕҰ - "ТЕМІРБАНК" АҚ	252,7	2,2	0,1	0,9
9	"Нұрбанк" АҚ	233,6	9,7	0,6	4,1
10	"Еуразиялық Банк" АҚ	198,7	17,5	1,1	8,8

11	"Ресей Жинақбанкі" АҚ ЕБ	116,2	0,0	0,0	0,0
12	"Цеснабанк" АҚ	108,6	2,2	0,1	2,0
13	"HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	62,4	0,5	0,0	0,8
14	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН " АҚ	58,3	-	0,0	0,0
15	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	54,1	-	0,0	0,0
16	"Қазинвестбанк" АҚ	53,0	0,0	0,0	0,0
17	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	48,3	0,1	0,0	0,1
18	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	34,3	0,0	0,0	0,1
19	"Delta Bank" АҚ	25,2	-	0,0	0,0
20	"АЛЬФА-БАНК" ЕҰ" АҚ	18,4	0,2	0,0	1,0
21	"Астана-финанс" Банкі" АҚ	12,4	0,0	0,0	0,0
22	"Хоум Кредит Банк" АҚ	7,6	0,0	0,0	0,6
23	"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	4,4	0,0	0,0	0,3
24	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	4,3	0,6	0,0	13,5
25	"Заман-Банк" АҚ	3,9	-	0,0	0,0
26	"БанкПозитив Қазақстан" АҚ	3,2	0,1	0,0	2,0
27	"Банк Kassa Nova" АҚ	2,8	-	0,0	0,0
28	"Сенім-Банк" АҚ	2,7	-	0,0	0,0
29	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	2,4	-	0,0	0,0
30	"Мастербанк" АҚ	1,9	0,1	0,0	4,1
31	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,9	-	0,0	0,0
32	"Пәкстанның Қазақстандағы ҰБ" ЕБ АҚ	1,7	0,1	0,0	5,3
33	"Қазинкомбанк" АҚ	1,5	-	0,0	0,0
34	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,3	0,0	0,0	0,4
35	"Банк ВТБ (Қазақстан)" АҚ ЕҰ	0,9	-	0,0	0,0
36	"Данабанк" АҚ	0,8	-	0,0	0,0
37	"Алматы қаласындағы Қытайдың СӨБ" АҚ	0,8	0,8	0,0	100,0
38	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	0,0	0,0	0,0	46,2
39	"Al Hilal" Ислам Банкі" АҚ	-	-	0,0	
Жиынтығы		9 336,7	1 610,6	100,0	17,2

1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 26,1%, күмәнділер – 44,3%, үмітсіздер – 29,6% болды (міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешім шығарылған банктерді ескермегенде кредиттік портфельде үмітсіз кердиттердің үлесі - 9,9%). 5-санатты күмәнді және үмітсіз заемдарға қатысты кредиттердің сомасы (біркелкі кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)¹ 3 305,4 млрд. теңге болды немесе жиынтық несие портфелінің 35,7%-ын құрады (міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешім шығарылған банктерді ескермегенде осы көрсеткіш жиынтық кредиттік портфельдің 1 109,5 млрд. теңге немесе 17,4%-ын құрады).



¹ «БТА Банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ міндеттемелерді қайта құрылымдау үстінде, "Альянс Банк" АҚ Агенттік Басқармасының «"Альянс Банк" акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 2010 жылғы 19 сәуірдегі №54 қаулысына сәйкес міндеттемелерін қайта құрылымдауын аяқтады;

² Бірыңғай кредиттердің портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылған провизиялардың сомасы ретінде ескеріледі

Төлемдер бойынша 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар заемдар ағымдағы жылдың 1 маусымында 2 507,2 млрд. теңге болды немесе банктердің несиелік портфелінің 26,9%-ын құрады (міндеттемелерді қайта құрылымдау туралы шешім шығарылған банктерді ескермегенде осы көрсеткіш жиынтық кредиттік портфельдің 1 169,5 млрд. теңге немесе 18,4%-ын құрады).

1 маусымдағы жағдай бойынша заемдар жөніндегі провизиялардың (резервтердің) көлемі 3 425,1 млрд. теңге болды немесе кредиттік портфельдің 36,7%-ын құрады.

1 маусымдағы жағдай бойынша экономика салалары бөлігіндегі заемдар (жеке тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді ескермегенде) 2010 жылғы маусым айында 45,3 млрд. теңгеге немесе 0,6%-ға азайып, 7 194,8 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар, экономикада заемдар құрылымында салалар бойынша үлестер: құрылыста - 26,1%; сауда-саттықта - 24,6%; өндірістік емес салада - 25,2%; өнеркәсіпте - 15,7%; ауыл шаруашылығында - 4,1%; көлікте - 2,7%; жеке қызметте - 0,8%-ға; байланыста - 0,8% болды.

1 маусымдағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері 12 405,4 млрд. теңгені құрады. Олардың ішінен ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелер 2010 жылғы мамыр айында 119,5 млрд. теңгеге немесе 3,3%-ға азайып, жиынтық міндеттемелердің 3 523,2 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жылдың 1 маусымында ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі жиынтық міндеттемелердің 28,4%-ын құрады (жыл басында осы көрсеткіш 33,6% құрады).

Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 49,4%-ын немесе 6 133,1 млрд. теңгені құрады.

1 маусымдағы жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы сомасы (банктерден басқа) 2010 жылғы мамыр айында 14,1 млрд. теңгеге немесе 0,2%-ға ұлғайып, 7 373,7 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдарының сомасы (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын қоса есептегенде) 4 565,0 млрд. теңгені (салымдардың жалпы сомасының 61,9%-ын) құрады. Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 2010 жылғы мамыр айында 3,9 млрд. теңгеге немесе 0,5%-ға


2010 жылғы 1 маусымда заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдардың құрылымы

Атауы	Барлығы	млрд. теңге		
		Несие портфелінің үлесі, %	Арнайы провизиялар	Заемдардың үлесі %
Заңды тұлғаларға берілген банк заемдары	6 099,1	65,3	2 507,4	41,1
Жеке тұлғаларға берілген банк заемдары, оның ішінде	1 795,6	19,2	409,3	22,8
тұтыну мақсатына құрылысқа және тұрғын үй құрылысына (ипотекалық тұрғын үй заемдарын қоспағанда)	771,7	8,3	194,8	25,2
ипотекалық тұрғын үй заемдары	96,1	1,0	21,3	22,2
автокөлік сатып алуға	741,8	7,9	142,4	19,2
өзге банктік заемдар	50,0	0,5	11,1	22,2
Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген банк заемдары	136,1	1,5	39,7	29,2
Несие портфелі	9 336,7	100,0	3 425,0	36,7

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша өтеуге дейін қалған төлем мерзімі бойынша ЕДБ, ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелері

Атауы	млрд. теңге	
	Талап еткенге дейін	Сомасы
талап еткенге дейін	163,2	
1 айға дейін	563,2	
1 айдан 3 айға дейін	92,7	
3 айдан 6 айға дейін	108,5	
6 айдан 1 жылға дейін	232,8	
1 жылдан 2 жылға дейін	399,8	
2 жылдан 3 жылға дейін	341,8	
3 жылдан 5 жылға дейін	542,9	
5 жылдан жоғары	1050,3	
Қаржылық емес міндеттемелер	30,0	
ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелер	3 523,2	

ЕДБ салымдары



азайып, 817,1 млрд. теңгені құрады. Жеке тұлғалардың салымдарының сомасы 1 991,6 млрд. теңгені (салымдардың жалпы сомасының 27,0%-ын) құрады. 1 маусымдағы жағдай бойынша шетел валютасында номинирленген клиенттердің салымдары клиенттердің жиынтық салымдарының (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын есепке алусыз) 37,7%-ын немесе 2 778,1 млрд. теңгені құрады.

1 маусымдағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты жоғары өтімді активтерінің үлесі 23,1%-ды құрады.

1 маусымда екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 1 696,7 млрд. теңгені құрады. Шығыстар сомасы – 1 448,7 млрд. теңге (есепті күнде болған 6,0 млрд. теңге табыс салығын есепке алусыз). 1 маусымда банктердің шығыны 242,0 млрд. теңгені құрады.

Банк заңнамасын бұзғаны үшін банктерге мамыр айында 6 жазбаша ұйығарым, 3 жазбаша міндеттеме, 14 жазбаша ескерту шығарылды.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сот шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 2 банк бар ("Валют-Транзит Банкі" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ).

2010 жылғы 1 маусымда Агенттік Басқармасының екінші деңгейдегі банктердің және банк конгломераттардың қызметтерін реттеу мәселелері жөнінде өткен отырысында:

– «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп тану туралы»;

– «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттік бюроларға жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ақпарат беру ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 24 қазандағы №245 қаулысының күші жойылды деп тану туралы»;

– «Кредиттік бюроларға жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ақпарат беру ережесін бекіту туралы».

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 маусымда Агенттікпен берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 41 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызмет етті, бұл ретте өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия 7 ұйымда бар, көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру бойынша лицензия - 28 ұйымда бар. Сондай-ақ, сақтандыру қызметі нарығында 13 сақтандыру брокері және 63 актуарий қызметін жүзеге асыруда.

Сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 2010 жылғы 5 ай ішінде 10,6%-ға өсіп, 1 маусымда 328,9 млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 4,3%-ға өсіп, 188,3 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру резервтерінің сомасы 121,1 млрд. теңгені құрады.

Тура сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 маусымда 64,7 млрд. теңге болды, бұл 2009 жылғы ұқсас көрсеткіштен 50,1%-ға көп.



Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 12,9 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 25,2%), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 13,8 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 53,3%), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 38,0 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 59,0%) болды.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 маусымда 6,1 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 96,8%) болды, ал жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандырудың үлесі 9,4% (2009 жылғы 1 наурызда 7,2% болған) болды.

1 маусымдағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 36,3 млрд. теңге болды немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 56,1%-ын құрады, бұл ретте ҚР резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 51,5%-ы берілді (2009 жылғы 1 маусымда ҚР резидент еместерге қайта сақтандыруға тапсырылған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 58,2% болды).

2010 жылғы 5 айда тура сақтандыру шарттары бойынша жүргізілген сақтандыру төлемдерінің көлемі 9,8 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 8,9%-ға көп. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 3,7 млрд. теңге болды (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда - 5,7%), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 4,6 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда – 48,4%) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 1,5 млрд. теңге (азаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда – 37,5%).

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 31 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.



Мамыр айында сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнаманы бұзушылықтарды жою мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының атына Агенттікпен 4 жазбаша ұйғарым, 4 жазбаша міндеттеме жіберілді.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 5 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бар («Валют-Транзит Полис» СК» АҚ, «Валют-Транзит Life» ӨСК» АҚ және «Алтын Полис» СК» АҚ, «НАСКО-Қазақстан» ҰСК» АҚ және «Premier Сақтандыру» АҚ).

Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 15.02.2010ж. 20.05.2010 жылы заңды күшіне енген «Premier Сақтандыру» АҚ еріксіз тарату туралы шешім қабылдады.

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республикада 13 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 75 филиалы және 49 өкілдігі бар.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, олардың ішінде 12 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар. Мамыр айында жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия 2 қорға берілді.

2010 жылғы 1 маусымда жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1 995,6 млрд. теңгемен 7 809 627 болды. Мамыр айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 20 124 бірлікке (0,3%) өсті, жинақталған зейнетақы қаражаты сондай-ақ 15,6 млрд. теңгеге (0,8%) өскен.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгемен 40 077 болды. Мамырда ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 15 бірлікке азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы қаражаттары бойынша салымшылар (алушылардың) шоттарының саны мамыр айында 2 бірлікке көбейіп, 2010 жылғы 1 маусымда жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 93,3 млн. теңгемен 4 072 шот болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы мамырда 15,7 млрд. теңгеге (0,8%) өсіп, 2010 жылғы 1 маусымда 2 001,1 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі мамыр 30,2 млрд. теңгеге (1,9%) өсіп, 2010 жылғы 1 маусымда 1 624,4 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) мамыр айында 10,7 млрд. теңгеге (2,1%) өсіп, 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 510,8 млрд. теңге болды.


Салымшылар (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі ақпанда 0,8 пайыздық тармаққа азайып, 2010 жылғы 1 мамырда 25,5% болды.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларынан сақтандыру ұйымдарына зейнетақы төлемдері мен аударымдары 156,9 млрд. теңге болды.

Мамыр айында қорлармен алушыларға жалпы сомасы 4,3 млрд. теңге (2,8%) зейнетақы төлемдері жүзеге асырылды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан басқасына аударым жасау мамыр айында 35,1 млрд. теңгеге (4,1%) өсіп, 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 883,7 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылдық кезеңде (2005 жылғы мамыр – 2010 жылғы мамыр) – 45,43% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 62,56%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 43,18%;



- 3 жылдық кезеңде (2007 жылғы мамыр – 2010 жылғы мамыр) – 18,91% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 38,61%);

- 12 айда (2009 жылғы мамыр – 2010 жылғы мамыр) – 6,72% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 7,0%).

2010 жылғы мамыр айында ҚР қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына 5 жазбаша ұйғарым жіберілді.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 жинақтаушы зейнетақы қоры тұр («Валют-Транзит Қор» ЖҚ» АҚ).

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ-да мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және жинақтаушы зейнетақы қорын басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Агенттіктің енгізген уақытша басқару режимі қолданылуда.

1

¹ Агенттік Басқармасының ««Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айыру туралы» 2010 жылғы 19 мамырдағы №70 қаулысына сәйкес «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ зейнетақы жарналарын тарту бойынша қызметпен айналысуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға 26.12.2003 жылғы сериясы №0000017 лицензиясынан айырылды. Агенттік Төрайымының 19.05.2010 жылғы №124 бұйрығымен «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ уақытша әкімшілігі тағайындалды.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдар саны 2010 жылғы 1 маусымда 2 180 қоғам болды. Сондай-ақ, нарықта 81 брокер-дилер, 11 тіркеуші, 11 кастодиан банк, 16 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (ЗАИБЖҰ), 49 инвестициялық портфельді басқарушы және 3 трансфер-агент жұмыс істейді.

2010 жығы мамырда 69 акция шығарылымы (проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі ауыстырылған акциялар шығарылымын есепке алғанда) тіркелді.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың мамыр айында жалпы номиналды құны 1,2 млрд. теңгеге 1 облигациялар шығарылымы, 12 млрд.теңге сомасына 1 облигациялық бағдарлама тіркелді. 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жалпы номиналды құны 3 979,3 млрд. теңгеге 66 шығарылым болды.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша айналыста 398 қолданыстағы мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымдары болды, олардың жиынтық номиналды құны 5 286,7 млрд. теңгені құрады.

Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеп тұрған инвестициялық пай қорларының саны 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 174 (134 – жабық, 15 – ашық және 26 – аралық) болды. Сонымен қатар, есепті кезеңде нарықта 35 акционерлік инвестициялық қор қызмет атқарады.

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымдарының саны: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 284 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша – 96 шығарылым және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым.


Бұдан басқа, 2010 жыл мамыр айында «VITA» АҚ мынадай KZ2CKY05B539, KZ2CKY07B964 ұлттық бірігейлендіру нөмірлері берілген облигациялар бойынша дефолтқа жол берген.

ҚР қолданыстағы заңнамасының бағалы қағаздар нарығы бойынша жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 2 жазбаша ұйғарым және 2 жазбаша міндеттеме жіберілді.

2010 жылғы 1 маусым айында бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша болып өткен Агенттік Басқармасының отырысында бірқатар қаулылар қабылданды:

- «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Агенттік Басқармасының 2010 жылғы 1 маусымдағы №79 қаулысымен «Тенгри Финанс» акционерлік қоғамы (бұрынғы атауы – «РБНТ Секьюритис» АҚ) бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиядан айырылды.



БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)

2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 6 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 9 ұйым тіркелді.

Негізгі көрсеткіштер

Ағымдағы жылдың 1 маусымдағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің сомасы 122,2 млрд. теңге болды, ағымдағы жылдың басынан бастап көбеюі - 41,9 млрд. теңге немесе 52,2%.

Жиынтық міндеттемелер 2010 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 27,1 млрд. теңгеге немесе 43,9%-ға көбейіп, 88,8 млрд. теңгені құрады. Ипотекалық ұйымдардың баланс бойынша меншікті капиталы 33,4 млрд. теңге болды.


Есеп беру күнінде ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 82,6 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы көрсеткіштен 20,8%-ға (14,2 млрд. теңгеге) жоғары.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі – 86,1%, күмәнділердің үлесі – 6,3%, үмітсіздердің үлесі – 7,6% болды. (2009 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі – 59,6%, күмәнділердің үлесі – 37,2%, үмітсіздердің үлесі – 3,2% болды.


Агенттік мамыр айында ипотекалық ұйымдардың қызметін реттейтін заңнаманың бұзушылықтарын жою мақсатында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың атына 1 жазбаша ұйғарым жіберді.

2010 жылғы 1 маусым айында бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша болып өткен Агенттік Басқармасының отырысында бірқатар қаулылар қабылданды:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 43 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы».



Несие портфелі



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТҮТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

2010 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) жеке және заңды тұлғалардан **375** өтініш келіп түсті, оның ішінде: **321** жазбаша өтініштер, 17 Агенттіктің электронды адресіне келіп түскен өтініштер және Агенттік Төрайымының атына ҚР Үкіметінің электронды порталының блог-платформасына (бұдан әрі – блог-палтформа) келіп түскен **37** өтініштер, оның ішінде:

– **140** өтініш – екінші деңгейдегі банктердің қызметіне (бұдан әрі - банктер) қатысты (жалпы санының 37.33%), 150 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 96 өтініштерді қосқанда) – 4 негізделген (қаралғандардың жалпы санының 2.67 %);

– **9** өтініш – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 2.4%), 8 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 3 өтініштерді қосқанда) – 1 негізделген (қаралғандардың жалпы санының 12.50%);

– **14** өтініш – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметтеріне қатысты (жалпы санының 3.73%) және өткен кезеңдерде келіп түскен 15 қаралған өтініштердің - 23 негізделген (қаралғандардың жалпы санының 13.33%);

– **7** өтініш – бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметтеріне қатысты (жалпы санының 1.87%), 9 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 8 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– **22** өтініш – жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметіне қатысты (бұдан әрі - ЖЗҚ) (жалпы санының 5.87%), 29 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 21 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– **153** заңды және жеке тұлғалардың (оның ішінде қаржы ұйымдары) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнама нормаларын түсіндіруді ұсыну туралы өтінішпен ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен сұрату (жалпы санының 40.8 %);

– **30** Агенттіктің құзыретіне кірмейтін мәселелері бойынша өтініштер (жалпы санының 8%).

Төменде екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, ЖЗҚ, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың бөлігіндегі өтініштері және олардың 2010 жылғы ақпанда келіп түскен өтініштердің жалпы көлемінің үлес салмағы туралы мәліметтер көрсетілген:

1-кесте

№	Қаржы нарығының субъектілері (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар)	Есепті кезеңде			
		Келіп түскен өтініштер		Қаралуы аяқталған	Есеп беру кезеңнің аяғында қаралу үстінде
		Саны	Қаржы нарығының тиісті секторындағы келіп түскен өтініштердің үлес салмағы, %	Кол-во**	
<i>Екінші деңгейдегі банктер</i>					
1	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	29	20.71	10	19
2	«Альянс Банк» АҚ	19	13.57	10	9
3	«Казкоммерцбанк» АҚ	18	12.86	5	13

4	«БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ	15	10.71	7	8
5	«АТФ Банк» АҚ	13	9.29	4	9
6	«БТА Банк» АҚ	10	7.14	6	4
7	«Цеснабанк» АҚ	8	5.71	4	4
8	«Kaspi Bank» АҚ	7	5.00	3	4
9	«Еуразиялық банк» АҚ	5	3.57	1	4
10	«Банк ЦентрКредит» АҚ	5	3.57	0	5
11	«Нұрбанк» АҚ	3	2.14	2	1
12	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	3	2.14	1	2
13	«Ресей Жинақ банкі» АҚ	2	1.44	0	2
14	«Хоум Кредит Банк» (««Алма- Ата» ХБ» АҚ) АҚ	2	1.44	0	2
15	«БанкПозитив Қазақстан (Б.М. Апоалим Банкінің Еншілес банкі)» АҚ	1	0.71	1	0
	Жиынтығы:	140	100 37.33*	54	86
Банк операцияларының әскелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар					
1	«БТА Банк» АҚ ЕИҰ» «БТА Ипотека» АҚ	7	77.77(7)	4	3
2	«Қазпочта» АҚ	1	11.11(1)	0	1
3	«Астана-финанс» ипотекалық ұйым» АҚ	1	11.11(1)	1	0
	Жиынтығы:	9	100 2.40*	5	4
Сақтандыру нарығы					
1	««Алтын Полис» СК» АҚ	5	35.73	0	5
2	«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ	3	21.43	0	3
3	"Қазақмыс" СК" АҚ	1	7.14	0	1
4	«Premier Сақтандыру» АҚ	1	7.14	0	1
5	"САЯ" СК" АҚ	1	7.14	0	1
6	«Казкоммерц-Полис» СК» АҚ	1	7.14	0	1
7	«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ	1	7.14	0	1
8	"Amanat insurance" СК" АҚ	1	7.14	0	1
	Жиынтығы:	14	100 3.73*	0	14
Бағалы қағаздар нарығы					
1	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	3	42.87	1	2
2	«Зерде» АҚ	2	28.57	0	2
3	«Қор орталығы» АҚ	1	14.28	0	1
4	«ЗИКСТО» АҚ	1	14.28	0	1
	Жиынтығы:	7	100 1.87*	1	6
Жинақтаушы зейнетақы жүйесі					
1	«Қорғау» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	6	27.27	0	6
2	«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	6	27.27	3	3
3	«РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ	2	9.10	1	1
4	«ГРАНТУМ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	2	9.10	1	1
5	"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	2	9.10	2	0
6	«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ	1	4.54	0	1
7	«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ	1	4.54	1	0

8	«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	1	4.54	0	1
9	«Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ	1	4.54	0	1
	Жиынтығы:	22	100	8	14
			5.87*		
	ЖИЫНТЫҒЫ:	192	51.20*	68	124

* - өтініштердің барлығы негізделген болып табылмайды

** - жалпы келіп түскен өтініштер санының сектордың үлес салмағы

Банк секторы

2010 жылғы мамырда Агенттікке банк қызметі мәселелері бойынша 140 өтініш келіп түсті.

Мынадай мәселелер халық үшін өзекті болып қалуда:

- Заемдарды өтеу бойынша мерзімін кейінге қалдыру, ипотекалық заемдар бойынша сыйақы ставкаларын азайтуды және заемдар бойынша өсімпұлды жоюды қайта қару жолымен заемдарды қайта құрылымдау;

- Заемдарды қайта қаржыландыру;

- кепілге қойылған мүлікті соттан тыс сату;

- заем бойынша ай сайынғы есеп айырысудың, есептелген өсімпұлдың дұрыстығын тексеру;

- төлем карталары арқылы төлемдер мен аударымдар.

Жоғарыда аталған барлық сауалдар мен жеке және заңды тұлғалардың өзге сауалдары бойынша тиісті түсіндірулер берілді.

Агенттік есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«Альянс Банк» АҚ

- заемшының келісімінсіз банктік заем шарты бойынша сыйақы ставкалары көбейтілген (қосымша келісімде заемшының қолы жоқ), осыған байланысты Банкке бұдан былай мұндай жағдарларға жол бермеу туралы хат жіберілді;

- операциялық жүйенің техникалық қателеріне байланысты заем бойынша заңсыз өсімпұл есептелген, осыған байланысты Банктің атына артық есептелген айыппұл санкцияларын қайтару қажеттілігі туралы **хат**, сондай-ақ қадағалау мақсатында – анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша ақпараттар беру туралы сұрату жіберілді, осы талдаудың нәтижелері бойынша **шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселе қаралатын болады**;

«БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ

- Банк кепіл туралы шарт жасау кезінде кепіл заты болып табылатын жылжымайтын мүліктің меншік иелерінің нотариатта куәландырылған құжатытын және кепілге қою мен оны соттан тыс сатуға құжатытты, талап етпеген, осыған байланысты Банкке **жазбаша ескерту** түрінде шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды;

«Сбербанк» АҚ ЕБ

- жеке тұлғаның қолма-қол жасалмайтын төлемін жүргізу кезінде Банк қызметкері ақшы жіберушінің деректемелерін дұрыс емес көрсеткен, осыған байланысты Банкке туындаған келеңсіздікті реттеуге бағытталған шаралар қабылдау қажеттілігі туралы **хат** жіберілді.

Агенттік өткен есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«Альянс Банк» АҚ

- «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабын, сондай-ақ өтініш берушімен жасалған банктік заем шартының талаптарын бұзған, осыған байланысты Агенттік «Альянс Банк» АҚ қатысты **жазбаша ескерту** түрінде ықпал ету шарасы қолданылды;

«Kaspi Bank» АҚ

- банктік заем шартында жылдық тиімді сыйақы ставкасының мәні қате көрсетілген, осыған байланысты Агенттік айыппұл өндіріп алу түрінде **санкция** қолданды.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

2010 жылғы мамыр айында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша Агенттікке 9 өтініш келіп түсті.

Есепті айда келіп түскен өтініштер мынадай мәселелерге қатысты:

- индекстеу коэффициентін жою;
- кепілге қойылған мүлікті соттан тыс сату;
- мерзімін кейінге қалдыру жолымен заемдарды қайта құрылымдау.

Агенттік есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«БТА Банк» «БТА Ипотека» АҚ ЕҰ» АҚ

- Кепіл заты болып табылатын жылжыматын мүлікті жалға беруде көрініс тапқан «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 8-бабының талаптарын бұзған, осыған байланысты Агенттік жазбаша міндеттемені талап ету түрінде шектеулі ықпал ету шарасын қолданды.

Сақтандыру нарығы

2010 жылғы мамыр айында сақтандыру қызметі мәселесі бойынша Агенттікке 14 өтініш келіп түсті.

Бұл ретте:

- міндетті сақтандыру бойынша – 7 өтініш;
- ерікті сақтандыру бойынша – 2 өтініш;
- сақтандыру сыныбы көрсетілмеген – 5 өтініш.

Өтініштердің негізгі бөлігі сақтандыру ұйымдарының сақтандырудың міндетті және ерікті түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау, уақтылы емес және толық көлемде емес жүзеге асырған.

Агенттік есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«Нұрполис» СК «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» АҚ

- сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімі бұзылған, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінде тиісті бақылау жоқтығы белгіленді, осыған байланысты Агенттік заңнамада көзделген шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселені қарастыруда;

«Экополис» СК» АҚ

- сақтандыру төлемі толық көлемде жүзеге асырылмаған, осыған байланысты компанияның атына пайда алушыға тиісті үстеме ақы төлеу қажеттілігі туралы **хат** жіберілді.

Агенттік өткен есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«Атланта Полис» СК» АҚ

- сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімдерін бұзған, осыған байланысты сақтандыру компаниясына **жазбаша міндеттеме** талап етілді.

Бағалы қағаздар нарығы

2010 жылғы мамыр айында бағалы қағаздар мәселесі бойынша Агенттікке 7 өтініш келіп түсті.

Өтініштер қолданыстағы заңнаманы түсіндіруге, дивидендтерді есептеу тәртібіне және төлемеуге, купондық облигациялар бойынша сыйақы төлемеуге қатысты болды.

Жинақтаушы зейнетақы қоры

2010 жылғы мамыр айында Агенттікке ЖЗҚ қызметіне қатысты 22 өтініш келіп түсті.

Есепті кезеңде қаралатын өтініштер мен арыздардың елеулі бөлігі мынадай мәселелерге қатысты:

- салымшының қалауынсыз не зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарты жасаусыз жинақталған зейнетақы қаражатын аудару;
- жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға ауадару нәтижесінде олардың азаюы;
- жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуден бас тарту.

Жоғарыда аталған барлық сауалдар мен жеке және заңды тұлғалардың өзге сауалдары бойынша тиісті түсіндірулер берілді.